

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" туралы 2004 жылғы 29 қазандағы № 1132 және "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 қыркүйектегі № 1209 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1193 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен;
- 2) «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 51, 648-құжат):

4-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:
«б) мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызмет салаларының барлығына ортақ мамандарының жекелеген лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын еңбек жөніндегі уәкілетті орган бекітеді деп белгіленсін.» ;

көрсетілген қаулының 1-қосымшасында:
« G - 7 » с а н а т ы н д а :

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Оқытушы: ЖОО, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру о қ у о р н ы » ;

«G-10» санаты мынадай редакцияда жазылсын:
« G - 1 0

Біліктілігі жоғары деңгейлі маман: агроном, агрохимик, аккомпаниатор, актер, әртіс, археограф, мұрағатшы, сәулетші, карантиндік зертхананың бактериологы, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, биолог, биохимик, бухгалтер, карантиндік зертхананың вирусологы, мал дәрігері, жетекші, тәрбиеші, гельминтолог, геодезист, герболог, гидрогеолог, гидротехник, дирижер, авиация және автомобиль тасымалдары диспетчері, дыбыс режиссері, зоолог, зоотехник, барлық мамандықтағы инженер, инспектор, нұсқаушы, өнертанушы, ихтиолог, ихтопатолог, капитан, кинорежиссер, командир, конструктор, әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, концертмейстер, тілші, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, орманшы, ұшқыш-бақылаушы, логопед, мастер, медициналық бике, менеджер, әдістемеші, механик, миколог, микробиолог, музыкалық жетекші, музыкатанушы, қоюшы-оператор, аңшы шаруашылығының маманы, палеограф, паразитолог, аудармашы, режиссердің көмекшісі, провизор (фармацевт), продюсер, жұмыс өндіруші (прораб), психолог, радиолог, редактор, режиссер, қоюшы-режиссер, репетитор, референт, балық өсіруші, селекционер, серолог, солист, әлеуметтанушы, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік педагог, құтқарушы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, әскери есепке алу және броньдау жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі маман, зерттеуші-тағылымдамашы, статистик, технолог, ветеринариялық зертхананың токсикологы, жаттықтырушы, химик-талдаушы, хореограф, хормейстер, мұражай қорын сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер, суретші-конструктор (дизайнер), фитопатолог, штурман, эколог, экономист, экскурсовод, электроншы, карантиндік зертхананың энтомологы, эпидемиолог, эпизоотолог, заңгер консультант.

Біліктілігі орташа деңгейдегі аға маман: акушерка, тәрбиеші, емдәм бикесі, тіс дәрігері, тіс технигі, мастер, медициналық бике, медициналық статистик, медициналық зертханашы, денсаулық сақтау менеджері, рентген зертханашысы, мамандандырылған медициналық бике, әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, фармацевт, фельдшер (-зертханашы).»;

« G - 1 3 » с а н а т ы н д а :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Біліктілігі орташа деңгейдегі маман: агроном, аккомпаниатор, әртіс, мұрағатшы, сәулетші, маманның ассистенті (көмекшісі), режиссердің ассистенті, балетмейстер, библиограф, кітапханашы, бухгалтер, ветеринарлық фельдшер, жетекші, геодезист, дирижер, авиация және автомобиль тасымалдары диспетчері, зоотехник, барлық мамандықтағы инженер, инспектор, нұсқаушы, капитан, командир, концертмейстер, корректор, тілші, мәдени ұйымдастырушы, зертханашы, орманшы, мастер, менеджер, әдістемеші, механик, музыкалық жетекші, музыкатанушы, кино-бейнепроекциялық аппаратура басқару пультінің

операторы, оптикометрист, аудармашы, режиссердің көмекшісі, бағдарламашы, жұмыс өндіруші (прораб), жобалаушы, редактор, репетитор, үйірме жетекшісі, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әскери есепке алу және броньдау жөніндегі маман, жұмыспен қамту орталығының маманы, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі маман, статистик, барлық атаудағы техниктер, технолог, жаттықтырушы, хореограф, мұражай қорын сақтаушы, барлық атаудағы суретшілер, суретші-конструктор (дизайнер), шкипер, штурман, экономист, экскурсовод, электроншы, энергетик, заңгер консультант.»;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК